

Қазіргі Қазақстандағы бірегейлік және патриотизм мәселесі

Совет Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан және басқа да постсоветтік елдер алдында күрделі мәселе туындады. Бұрынғы әлеуметтік-мәдени, саяси құндылықтар мен бағыттардың жоғалуы, «біртұтас совет халқының» бөлінуі, жалпы қоғамдық тұрақсыздыққа әкеп соқты, әлеуметтік дағдарыстың көзіне айналды. Орын алған проблемалардың тік ортасында бірегейлік мәселесі пайда болып, оның шешімін табу алдыңғы қатарлы приоритетке айналды. Әрине, бүгін ССРО-да жүргізілген ұлттық саясаттың кемшіліктері айқын, ең алдымен ол қатал субординацияға, үлкен және кіші бауырларға, «біртұтас кеңес халқы» мифіне негізделген саясат болғаны көрінеді. Сондықтан қазіргі өтпелі кезең тәуелсіз Қазақстан алдында бірегейлік мәселесін қайта қалыптастыруды, сондай-ақ ел азаматтарының және қоғамның тарихи санасын қайта қарастыруды талап етеді.

Бірегейлік ол не? «Бірегейлік» сөзі латын тілінен аударғанда «identicus» бірдей және тең мағыналарын береді. Демек бұл тұлғаның өзін белгілі бір әлеуметтік топқа жатқызуы. Бірегейлікті қалыптастырудағы әлеуметтік аспектілер әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етеді. Сондықтан позитивті бірегейліктің тұрақтылығы – ұлттық қауіпсіздіктің және ішкі саяси тұрақтылықтың кепілдігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1997 жылғы Қазақстан халқына жолдауында алғаш рет «Қазақстан-2030» Стратегиясын ұсынып, бірегейлік мәселесін көтерді: «Қазақстандықтар – біз кіміз?». Ал 2012 жылдың 14 желтоқсанында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ел азаматтары арасында тарихи сананы қалыптастыру қажеттілігін ерекше атап өтеді де, 15 жыл бұрын қойылған сұраққа жартылай жауап береді, жауабы «бүкілқазақстандық бірегейлік» негізінде жатыр. «Біздің мемлекеттілігіміздің рухани мәселелері экономикалық және материалдық мәселелерден еш кем бағаланбайтын даму кезеңіне келіп отырмыз. Біз, ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз қажет... Бүкілқазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуы тиіс». Бірегейлікті қалыптастырудағы тарихи жады мен тарихи сананың орны ерекше, ал тарихи жады мен тарихи сананың негізін тарихи білім, яғни тарих ғылымы қалыптастырады деген ой-қорытынды жасауға болады.

Қазақстан Республикасы көпұлтты, поликонфессиялық және полиэтникалық мемлекет, сондықтан ішкі саяси тұрақтылықты және ұлттық қауіпсіздікті сақтауда ұлтаралық бірлік негізгі фактор болып саналады. Заманауи Қазақстанда 130-дан астам түрлі диаспора өмір сүреді. Этностар арасындағы өзара бірлік пен татуластықты орнатуда тек бір байрақ пен бір шекара ғана жеткіліксіз, оны біріктіретін ұлттық идея қажет.

Мемлекетқұрушы ұлт – қазақ ұлты, сондықтан қазақ халқы мен мемлекеттік тіл – қазақстандық азаматтық бірегейліктің ядросын құрайтын біріктіруші құралы ретінде саналады, алайда Қазақстан Республикасының

Ата Заңы – Конституциясына сәйкес, негізгі билік көзі – Қазақстан халқы болып табылады, яғни осында өзге діни, ұлттық және тағы да басқа айырмашылықтар көрсетілмеген. Республиканың әр азаматы бұл идеяны бойына сіңсе, «Мен – қазақстандық, менің елімде маған барлық есіктер ашық!» – деп айтып, қоғамды «біз» және «олар» деп бөлмей алатын адам жаңа қазақстандық қоғамның азаматын қалыптастырады.

Қазіргі кезде бірегейлікті нығайтуға бағытталған басты төрт приоритет айқындалған: біріншіден, қазақстандық бірегейлік азаматтылық принципі негізінде құрастырылады; екіншіден, негізгі жалпыазаматтық құндылық ретінде «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтары алынады; үшіншіден, үш тілдік даму саясатын әрі қарай жетілдіреді; төртіншіден, бірегейлік ұрпақтық үрдіс, сондықтан қазақстандық жастардың жаңа ұрпағын қалыптастыруға көп жұмыс бағытталады. Сонымен, Қазақстан азаматтарын біріктіретін басты бірегейлік – қазақстандық бірегейлік, яғни бүкілқазақстандық бірегейлік болуға қажет.

А. Сметова, ғылыми қызметкер